

БЕКІТІЛГЕН
(«Самұрқ-Экономика» АҚ)
2021 жылғы «
№ 36 хаттама

Нұр – Сұлтан қаласы, 2021 жыл

1 - бап. Жалпы ережелер

1. «Energy Solutions Center» жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылды және өз қызметінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және де осы Жарғыны (бұдан әрі – Жарғы) басшылыққа алады.

2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы) – «Самұрық - Энерго» акционерлік қоғамы (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 26877 – 1910 – АҚ 2007 жылғы 10 мамырдағы куәлік) болып табылады, БСН 070540008194, орналасқан жері: индекс 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр - Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 15А, «Q» бизнес орталығы, Б блогы, деректеме: ЖСК KZ216010131000078623 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Алматы облыстық № 139900 филиалы, БСК HSBKZKXK, Кбе 17.

3. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Energy Solutions Center» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «Energy Solutions Center»;

3) ағылшын тілінде: «Energy Solutions Center» limited liability partnership.

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ESC» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «ESC»;

3) ағылшын тілінде: «ESC» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекен-жайы): Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр - Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 15А, «Q» бизнес орталығы, Б блогы.

5. Серіктестіктің қызмет мерзімі – шектеусіз.

2 - бап. Серіктестік қызметінің мақсаты мен түрлері

1. Серіктестік табыс табу мақсатында Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағында өндірістік, коммерциялық және делдалдық қызметті жүзеге асыру үшін құрылады.

2. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес болуы және келесідей қызмет түрлерін қамтуы қажет:

- Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу, жол бойында орналасқан техникалық қызмет көрсету өндірістік станцияларды қоспағанда (мерзімі 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін);

- Басқа топтарға кірмейтін басқа машиналарды, жабдықтарды және материалдық құндылықтарды жалға беру;

- Меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару;

- Ұлттық басқарушы холдинг үшін кадрларды басқару қызметі;

- Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (мерзімі 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін);

- Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу (мерзімі 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін);

- Ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық және практикалық қызметтер (мерзімі 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін);

- Ақпараттық - телекоммуникациялық жүйесі үшін компьютерлік және перифериялық жабдықты жалға беру;

- Стратегиялық объектілердің жұмысын қамтамасыз ету мақсатында техникалық және қосалқы персоналмен қамтамасыз ету үшін ұлттық компаниялар құрған ұйымдардың қызметі.

3. Тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен Серіктестік арнайы рұқсат (лицензия) негізінде ғана айналыса алады.

Арнайы рұқсатты (лицензияны) қажет ететін қызмет түрін жүзеге асыру құқығы Серіктестікке осындай рұқсатты (лицензияны) алған кезден бастап немесе онда көрсетілген мерзімнен бастап беріледі және егер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде өзгешесі белгіленбесе, оның қолданылу мерзімі өткен соң тоқтатылады.

3 - бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі, құқықтары мен міндеттері

1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді.

2. Серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3. Серіктестіктің мөрі, мөртаңбалары, дербес теңгерімі, банктік шоттары, өз атауы жазылған бланкілері бар.

Серіктестіктің Байқаушы кеңесімен келіскеннен кейін Бас директор бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін Серіктестіктің өзінің тауар белгісі (фирмалық) және нышандары болуы мүмкін.

4. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттерін атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

5. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

6. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің қарыздарына жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің қарыздарына жауап бермейді.

Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өз Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7. Серіктестіктің Қатысушы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің жарғылық капиталына қосқан салымның құны шегінде Серіктестік қызметіне байланысты шығындарға тәуекелге барады.

8. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облигациялар және өзге де бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

4 - бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі

1. Серіктестіктің жарғылық капиталы Қатысушының жеке салымы негізінде қалыптастырылған 107 448 680, 75 (жүз жеті миллион төрт жүз қырық сегіз мың алты жүз сексен) теңге 75 (жетпіс бес) тиынды құрайды.

2. Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері Жарғы ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

3. Серіктестіктің жарғылық капиталындағы салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

4. Қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- Қатысушы енгізген қосымша салымдар арқылы;
- Серіктестіктің жарғылық капиталы, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен;
- Серіктестік құрамына жаңа мүшелерді қабылдау жолымен.

Серіктестіктің жарғылық капиталын мемлекеттік тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі мөлшерден кемітуге рұқсат берілмейді.

5. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының жарғылық капиталға салған бастапқы жарнасы, қосымша салымдары, Серіктестіктің шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірісі есебінен, қарыз қаражаты және Серіктестік белгіленген тәртіпте сатып алған немесе қол жеткізген басқа да мүлік есебінен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған басқа да көздер негізінде қалыптастырылады.

Серіктестіктің мүлкі оның теңгерімінде есепке алынады.

6. Серіктестіктің жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын Серіктестік Қатысушысының арасында бөлу Серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекіту шешіміне сәйкес жүргізіледі.

5 - бап. Серіктестіктің органдары

1. Серіктестіктің органдары мыналар болып табылады:

- 1) Қатысушы – жоғарғы орган;
- 2) Байқаушы кеңес – байқаушы орган;
- 3) Бас директор – жеке - дара орындаушы орган.

2. Серіктестік органдарының құзіреті, сонымен қатар Серіктестік атынан шешім қабылдау тәртібі немесе сөз сөйлеу тәртібі Заңмен, өзге де заңнамалық актілермен және Серіктестік Жарғысымен айқындалады.

6 - бап. Қатысушы

1. Қатысушы құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Серіктестікті басқаруға қатысуға;

2) осы Жарғының 10 - бабында белгіленген тәртіппен Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге құжаттарымен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

5) Серіктестік таратылған жағдайда өзінің пропорционалды қатысу үлесіне сәйкес көлемде кредиторлармен есеп айырысулардан кейін қалған Серіктестік мүлкінің бір бөлігінің тиісті құнын немесе Серіктестіктің осындай мүлкінің бір бөлігін заттай нысанда алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген Қатысушының құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібімен даулауға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған барлық басқа құқықтарға ие болуға және оларды пайдалануға.

2. Қатысушы міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;

3) Серіктестік коммерциялық құпия жарияланатын мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

3. Қатысушының айрықша құзыретінің қатарына келесі мәселелер кіреді:

1) Серіктестіктің жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу, оның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және ұйымдық атауын өзгерту, Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;

3) Серіктестіктің даму стратегиясын бекіту, сондай - ақ Серіктестіктің даму стратегиясының іске асырылуын бақылау;

4) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін

мерзімінен бұрын тоқтату, сондай - ақ төлемақының мөлшерін, шарттарын және тәртібін айқындау; Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығындарын өтеу;

5) Серіктестіктің Бас директорын белгіленген, бірақ 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге тағайындау және Серіктестіктің Бас директорының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және беру шарттарын айқындау;

7) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай - ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы;

8) Серіктестіктің Жарғысымен көзделген Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттарды есепке алмағанда, ішкі ережелерді, оларды қабылдау тәртібін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

9) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

10) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту;

11) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім қабылдау;

12) Серіктестіктің облигацияларын шығарудың шарттары мен тәртібін айқындау;

13) Заңға сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша салымдар енгізу туралы шешім қабылдау;

14) тағайындауды немесе келісуді Қатысушы жүзеге асыратын Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдарының тізімін бекіту;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік қызметкерлерін атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттаудан өткізудің шарттары мен тәртібін бекіту және кадрлық резервті қалыптастыру, сондай - ақ Серіктестіктің міндетті аттестаттаудан өтетін қызметкерлерінің тізімін бекіту;

16) Серіктестіктің Бас директорының лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын және сыйақы беру шарттарын белгілеу;

17) Серіктестіктің Бас директорының басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне келісім беру туралы шешім қабылдау;

18) Серіктестіктің Корпоративтік басқару Кодексін, сондай - ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту;

19) Серіктестіктің кадр саясатын бекіту;

20) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі туралы ережені бекіту;

21) Серіктестік активтерінің жалпы баланстық құнынан елу бір және одан да көп пайызын құрайтын, нәтижесінде мүлікті иеліктен айыратын (иліктен айыруы мүмкін) Серіктестіктің мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер кешенін жасауы туралы шешім қабылдау;

22) қызметтік автокөліктердің орналасу нормаларын және әкімшілік аппаратты орналастыру алаңдарының нормаларын айқындау;

23) Серіктестіктің іссапарға жіберілген қызметкерлерінің шығындарын өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау;

24) қызметкерлерге өкілдік шығыстар, ұялы байланысты пайдалану құқығын беру кезінде, Серіктестік қаражаты есебінен өтелетін шығындарының шегін белгілеу;

25) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;

26) Серіктестіктің Бас директоры қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту, сондай - ақ оларға қол жеткізуді қадағалау;

27) Серіктестіктің Қатысушыларына және акцияларын сатып алушыларға Серіктестік қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен шарттарын бекіту;

28) Заңда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерді, акционерлік қоғамдарды және коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы, сондай - ақ олардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шығару туралы мәселелерді шешу;

29) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды таңдау және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікке Қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау;

31) заңнамамен және осы Жарғымен бекітілген Қатысушының құзыретіне қатысты басқа да мәселелер.

4. Серіктестік қызметіне қатысты кез келген мәселені Серіктестік Қатысушысы қарастыруға құқылы.

5. Серіктестік Қатысушысының айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің Байқаушы кеңесіне немесе Бас директорына беруге құқылы.

6. Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Байқаушы кеңесінің немесе Серіктестік Бас директорының кез келген шешімін жоюға құқылы.

7 - бап. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі

1. Байқаушы кеңес Серіктестіктің Бас директорының қызметін қадағалауды жүзеге асыратын орган болып табылады және өз қызметін заңнамаға, осы Жарғыға және Қатысушы бекіткен Байқаушы кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;

2) Серіктестіктің даму жоспарын, даму жоспарында жоспарланған бірінші күнтізбелік жылға Серіктестіктің бюджетін бекіту, сондай - ақ Серіктестіктің даму жоспарының орындалуын бақылау;

3) Қызметкерлердің жалпы санын, ұйымдық құрылымын, Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу туралы ережені, қызметкерлерге еңбекақы төлеу сызбасын, Серіктестіктің штат кестесін бекіту;

4) Серіктестік бас директорының орынбасарларын, бас бухгалтерін тағайындау (жұмысқа қабылдау), басқа жұмысқа ауыстыру, лауазымының атауын өзгерту және босату туралы шешімдер қабылдау;

5) Серіктестік Бас директорларының орынбасарларына лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын және сыйақы беру шарттарын айқындау;

6) Серіктестік Бас директорларының орынбасарлары қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту, сондай - ақ оларға қол жеткізуді қадағалау;

7) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын лауазымға тағайындауды және қызметтен босатуды келісу;

8) Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Серіктестіктің Бас директоры мен Серіктестіктің Қатысушы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

9) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың және коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуы туралы алдын ала келісім;

10) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

11) Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді анықтау;

12) Серіктестіктің есеп саясатын бекіту;

13) тағайындауды немесе тағайындау туралы келісім беру Байқаушы кеңесі жүзеге асыратын Серіктестіктің, сондай - ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың басшы қызметкерлерінің лауазымдарының тізбесін айқындау және бекіту;

14) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

15) Серіктестіктің жалпы тәуекел - тәбетін, Серіктестіктің әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейлерін және қабылданған тәуекелдер деңгейлерінің шегін белгілеу, тәуекелдің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

16) Серіктестіктің тіркелімін және тәуекел картасын, негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс – шаралар жоспарын, Серіктестіктің негізгі тәуекел көрсеткіштерінің паспортын бекіту;

- 17) Серіктестікте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 18) Серіктестіктің негізгі тәуекелдерін сипаттау және талдау, сондай - ақ Серіктестік тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы ақпаратты көрсете отырып, тәуекелдерді басқару бойынша Серіктестік есептерін қарау;
- 19) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі бекітетін ішкі құжаттардың тізімін айқындау;
- 20) нәтижесінде құны Серіктестік активтерінің жалпы құнының отыз бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынатын немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер кешенін жасау туралы шешім қабылдау;
- 21) жарғылық капиталдағы қатысу үлесі (акций) он және одан да көп пайызы Серіктестікке тиесілі заңды тұлға қатысушыларының (акционерлерінің) жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызметтер бойынша шешімдерді Серіктестіктің Бас директорымен бекіту туралы келісу;
- 22) Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмегін көрсету мәселесі бойынша келісу;
- 23) Серіктестіктің Этика Кодексін бекіту, сондай - ақ оның ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 24) Серіктестік Омбудсменін тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай - ақ ол туралы ережені бекіту;
- 25) Серіктестіктің міндеттемелерін оның жарғылық капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызына тең сомаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдау;
- 26) қаржы - шаруашылық қызметінің нәтижелері және Серіктестік қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есептерді қарау;
- 27) Серіктестіктің іс - шаралар жоспарларын бекіту, сондай - ақ іс - шаралар жоспарларының орындалуы туралы есептерді қарау;
- 28) Серіктестіктің контрагент - банктері үшін баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша лимиттерді белгілеу;
- 29) «Самұрық - Қазына» Ұлттық әл - ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдардың сатып алу саласында «Самұрық - Қазына» Ұлттық әл - ауқат қорының актілеріне сәйкес сатып алу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 30) Байқаушы кеңесінің хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Байқаушы кеңесінің хатшысына төлемақы мөлшерін, сыйақы берудің шарттары мен тәртібін айқындау;
- 31) Байқаушы кеңесінің хатшысы туралы ережені, Байқаушы кеңесі хатшысының жұмыс жоспарын, Байқаушы кеңесі хатшысын дамытудың жеке жоспарын, қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту, Байқаушы кеңесінің хатшысының қызметі туралы есептерді қарау;
- 32) Байқаушы кеңесінің, Байқаушы кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және Байқаушы кеңесі хатшысының қызметін бағалауға бастамашылық ету және нәтижелерін қарау;
- 33) Байқаушы кеңесінің мүшелері мен хатшысының мұрагерлік жоспарларын бекіту;
- 34) Серіктестіктің Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті қарау;
- 35) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясатын бекіту;
- 36) Серіктестік Қатысушысының қарауына мәселелерді енгізу;
- 37) Серіктестіктің корпоративтік басқару тиімділігін бағалау;
- 38) Серіктестікте туындайтын корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын реттеуге қатысу және мониторинг;
- 39) Серіктестік Қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын заңнамада және Жарғыда, Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

3. Байқаушы кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Серіктестіктің Бас директорына шешім қабылдау үшін берілмейді.

4. Байқаушы кеңесінің Жарғыға сәйкес Серіктестік Қатысушысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай - ақ Серіктестік Қатысушысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

5. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі Қатысушымен белгіленген, бірақ 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Серіктестіктің Бас директоры бір мезгілде Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшесі бола алмайды.

6. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің құрамына сайланған адамдар, егер заңнамада ештеңе көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады.

Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің құрамына кез келген тұлғаны сайлау, онда мұндай тұлға Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшесі қызметін 6 (алты) жылдан астам атқаратын болса, ерекше қарауға жатады.

Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің немесе оның жеке мүшесінің өкілеттік мерзімі Қатысушы жаңа Байқаушы кеңесін сайлау немесе Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

7. Қатысушы Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

8. Байқаушы кеңесін Төраға басқарады. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасын оның мүшелері арасынан Серіктестік Қатысушысы сайлайды.

9. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасының функцияларына мыналар жатады:

1) Байқаушы кеңесіне жалпы басшылық;

2) Байқаушы кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін белгілеу;

3) Байқаушы кеңесі мүшелерінің шешім қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету;

4) Байқаушы кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға және Байқаушы кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша шайтуды қамтамасыз ету;

5) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, жан - жақты және тереңірек қарау, ашық талқылауды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Байқаушы кеңесі отырыстарының барынша тиімділігін қамтамасыз ету;

6) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде Қатысушымен консультациялар ұйымдастыруды қоса алғанда, Қатысушымен тиісті байланыс пен өзара жұмысты ұйымдастыру;

7) Қатысушы мен Байқаушы кеңесі қабылданған шешімдерінің тиісінше орындалуына мониторингті және қадағалауды қамтамасыз ету;

8) корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, оларды шешу және Серіктестік қызметіне теріс әсерін азайту бойынша шаралар қабылдау және Қатысушыны уақтылы хабардар ету;

9) Байқаушы кеңесінің отырысын шақыру;

10) Байқаушы кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, оның отырысын өткізу;

11) Серіктестік атынан Қатысушының шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілей отырып, Серіктестіктің Бас директорымен еңбек шартын жасасу.

10. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы болмаған кезде оның міндетті қызметтерін Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің шешімі бойынша Серіктестіктің Байқаушы кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

11. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінде қаралатын мәселелер бойынша шешімдер Серіктестіктің Байқаушы кеңесі мүшелерінің көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

12. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырыстары оның Төрағасының бастамасы бойынша, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің кез келген мүшесінің, Серіктестік Бас директорының, сондай - ақ Серіктестік Қатысушының өтініші бойынша шақырылуы мүмкін.

13. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырысын шақыру туралы өтініш Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасына Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырысы ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.

Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырысын Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы өткізу туралы өтініш алған күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей өткізуі тиіс.

Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс.

Жиналысты өткізу туралы хабарламада отырыстың күні, уақыты және орны, сондай - ақ оның күн тәртібі туралы ақпарат болуы тиіс.

Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

14. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет шақырылуы тиіс.

15. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшесі Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасына оның Байқаушы кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы алдын ала хабарлауға міндетті.

16. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі отырысына Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің сайланған мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, шешім қабылдауға уәкілетті.

Егер Серіктестіктің Байқаушы кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта көрсетілген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса, Серіктестіктің Байқаушы кеңесі Серіктестік Қатысушысынан Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды талап етуге міндетті.

17. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің жеке өткізілген отырысында қабылданған шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлға, отырысқа қатысқан Серіктестік Байқаушы кеңесінің мүшелерімен және хатшы хаттамамен ресімдейді және оған қол қоюға міндетті. Отырысқа қатысқан Серіктестіктің Байқаушы кеңесі және Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Серіктестіктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

18. Дауыс беруден қалыс қалған немесе күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешімге қарсы дауыс берген Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме береді. Мұндай негіздемені Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің хатшысы Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің хаттамасына, шешіміне тіркейді.

19. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі Төрағасының қалауы бойынша оның қарауына өткізілген мәселелер бойынша Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің шешім қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің сырттай отырысының шешімі хаттамаға қоса тіркелетін Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелері қол қойған бюллетеньдер негізінде хаттама түрінде ресімделеді. Хаттамаға Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қол қояды.

20. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі отырыстарының хаттамалары Серіктестік маңысында сақталады.

21. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің хатшысы Серіктестік Байқаушы кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Серіктестіктің Байқаушы кеңесі отырысының хаттамасын және қабылданған шешімдермен танысу үшін (немесе) оған Серіктестіктің Байқаушы кеңесі хатшысының қолымен және Серіктестік мөрімен немесе Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мөртаңбасымен расталған хаттамалар мен шешімдерден үзінді көшірмелер беруге міндетті.

22. Байқаушы кеңесінің қызметін және Байқаушы кеңесінің, Серіктестіктің Бас директорының Қатысушымен өзара тиімді жұмысын ұйымдастыру мақсатында, Байқаушы кеңесімен Байқаушы кеңесінің хатшысы тағайындалады. Байқаушы кеңесі Байқаушы кеңесінің хатшысын тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілейді.

Байқаушы кеңесінің хатшысы Байқаушы кеңесіне есеп береді және Серіктестіктің Бас директорына тәуелсіз.

Байқаушы кеңесінің хатшысының негізгі міндеттері және оның жұмыс тәртібі Байқаушы кеңесі бекітетін Байқаушы кеңесінің хатшысы туралы ережеде айқындалады.

8 - бап. Бас директор

1. Бас директор Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады және Серіктестіктің қызметін басқарады. Бас директор өз міндеттерін орындау кезінде Серіктестіктің мүдделері үшін адал және парасатты әрекет етуі керек.

2. Серіктестік Бас директорының құзыретіне Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, заңнамада, Жарғыда, оның ішінде Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленетін Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады:

1) заңнамада және Серіктестік Жарғысында белгіленген тәртіппен Серіктестік атынан мәмілелер жасау;

2) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі мен Қатысушы бекітетін құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекіту;

3) бекітілген бизнес - жоспар, бюджет, даму жоспары шеңберінде Серіктестіктің тауарларын, жұмыстарын, қызметтерін сатып алудың жылдық жоспарын бекіту;

4) Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдау;

5) Серіктестіктің Байқаушы кеңесімен келіскеннен кейін белгіленген тәртіппен Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмегін көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;

6) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелеріне жүктелген міндетті қызметтерді орындау кезінде жазбаша өтінім түскен күннен кейін 10 (он) күн ішінде Серіктестік қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уақытылы беруді қамтамасыз ету;

7) Серіктестіктің Байқаушы кеңесімен келіскеннен кейін жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің (үлестерінің) он және одан да көп пайызы Серіктестікке жататын заңды тұлға қатысушыларының (акционерлерінің) жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

8) Қатысушының және Серіктестіктің Бақылаушы кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің басқа да мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау.

3. Бас директор келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Серіктестікке жетекшілік ету;

2) үшінші тұлғалармен қарым - қатынаста Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Серіктестік атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, оның ішінде ауыстыру құқығымен сенімхаттар беру;

3) Серіктестік атынан мәмілелер жасайды және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

4) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі қабылдаған шешімдер негізінде Серіктестік атынан Бас директордың орынбасарларымен, бас бухгалтермен еңбек шарттарын жасасу, сондай - ақ оларды ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асыру;

5) бекітілген жалпы штат санының шегінде Серіктестік қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, Серіктестіктің штаттық кестесіне сәйкес қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақының мөлшерін, еңбекақыға жеке үстемақылар мөлшерін белгілейді және қызметкерлерге сыйақы беру мөлшерін айқындайды;

6) Бас директордың орынбасарлары арасында міндеттерді, сондай - ақ өкілеттік пен жауапкершілік салаларын бөледі;

7) Серіктестіктің жұмыс режимін белгілейді;

8) Серіктестіктің ағымдағы және болашаққа бағытталған жоспарлары мен бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету;

9) Қатысушыға, Серіктестіктің Байқаушы кеңесіне Серіктестіктің жұмысы үшін жауап береді;

10) Серіктестіктің және оның бөлімшелерінің банктік және өзге де шоттарын ашады;

11) бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

12) Серіктестіктің Байқаушы кеңесімен келіскеннен кейін Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Серіктестік қызметкерлерін мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды;

14) Қатысушының, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің шешімдерін іске асырады;

15) Серіктестіктің филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және басқарады;

16) Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

17) Серіктестік атынан сотта немесе төрелік талқылауда бастамашылық жасайды және қатысады;

18) Қатысушының, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын және заңнамаға, Серіктестік Жарғысына қайшы келмейтін міндеттерді орындау үшін қажетті Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

4. Серіктестік бас директорының міндетті қызметтері, құқықтары мен міндеттері осы Жарғыда, сондай - ақ Серіктестікпен жасалған еңбек шартында айқындалады. Серіктестік атынан Серіктестіктің Бас директорымен еңбек шартына Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы немесе Серіктестіктің Қатысушының өкілетті тұлға қол қояды.

5. Серіктестіктің бас директорына келесі әрекеттерді жасауға тыйым салынады:

1) Қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (соның ішінде сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу - сату және т.б. шарттар) жасауға;

2) Серіктестік үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелер үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;

3) Серіктестікпен қарым - қатынаста үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүдделері үшін әрекет етуге;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға.

Осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көзделген шектеулер Серіктестіктің Бас директорының жұбайына, барлық тікелей өзінің алдындағы және өзінен кейінгі туыстарына, сондай - ақ туған ағалары мен апаларына қолданылады.

Серіктестіктің Қатысушысы өзінің немесе жоғарыда аталған оның туыстарының осы тараудың 5 - тармағында көзделген тыйымдарды бұзу арқылы Серіктестікке келтірілген зағалды Бас директордың Серіктестікке өтеуін сот тәртібімен талап етуге құқылы.

9 - бап. Серіктестіктегі сыртқы аудит

1. Серіктестікпен, Байқаушы кеңесінің мүшелерімен, Серіктестіктің Бас директорымен, Қатысушының мүлiктік мүдделерімен қатысы жоқ Серіктестіктің қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай - ақ оның істерінің ағымдағы жай - күйін тексеру және растау үшін Серіктестік аудиторлық ұйымды тартуға құқылы.

Серіктестіктің Қатысушысы өз қаражаты есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуді талап етуге құқылы.

2. Егер Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің қаржылық есептілігін тексеруден бас тартса, мұндай аудит міндетті болған кезде немесе кез келген мүдделі тұлғаның немесе Серіктестік Қатысушысының сұрауы бойынша талап еткенде, мұндай тексеру осы күні қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

3. Серіктестік бухгалтерлік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақталуына заңнамаға сәйкес жауапты.

10 - бап. Серіктестіктің ақпаратты ашуы. Серіктестіктің құжаттары

1. Серіктестік Қатысушының жазбаша өтініші бойынша Серіктестіктің мүдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жеткізеді, сондай - ақ Қатысушыға Серіктестіктің бухгалтерлік және басқа да құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді.

Серіктестіктің Бас директоры мұндай ақпаратты жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде береді.

2. Серіктестіктің Бас директоры корпоративтік даулар бойынша сотта іс қозғалғаны туралы Серіктестік Қатысушысын хабардар етуге міндетті.

3. Серіктестік мүшесінің үмітсіз жағдайды шешудің кез келген рәсімін бастауы бойынша корпоративтік дау бойынша азаматтық істі сотта қозғау туралы ақпарат Серіктестікке корпоративтік дау бойынша тиісті сот хабарламасын немесе азаматтық шақыруды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей Серіктестік Қатысушысына берілуі тиіс.

4. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттары Серіктестіктің Бас директоры өкілдік ететін атқарушы органның орналасқан жері бойынша Серіктестіктің бүкіл қызметінің мерзімі кезінде сақталуға жатады.

Мынадай құжаттар сақталуға жатады:

1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Серіктестік органдарының хаттамалары, шешімдері, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;

3) Серіктестіктің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлік;

4) Серіктестіктің статистикалық картасы;

5) Серіктестікке қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін лицензиялар;

6) Серіктестіктің теңгеріміндегі (теңгерімінде болған) мүлікке құқықтарын растайтын құжаттар;

7) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

8) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар.

5. Өзге де құжаттар, оның ішінде Серіктестіктің қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде сақталады.

6. Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты Серіктестіктің корпоративтік интернет - ресурсында жариялайды.

11 - бап. Серіктестікті қайта құру

1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөлініп шығару, қайта құру) Серіктестік Қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Үлесті иеліктен шығару немесе Серіктестік құрамындағы өзге де өзгерістер Серіктестіктің қайта ұйымдастырылуы болып табылмайды.

2. Заңнама актілерінде белгіленген жағдайларда Серіктестікті бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше Серіктестікті бөлу түрінде қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Заңнама актілерінде белгіленген жағдайларда бірігу немесе қосылу арқылы Серіктестікті қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Қайта ұйымдастырылған Серіктестіктің мүлкі, егер заңнамалық актілерде немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, оны тіркеу кезінде оның заңды мұрагеріне өтеді.

12 - бап. Серіктестіктің таратылуы

1. Серіктестік оның Қатысушысының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Сот шешімі бойынша Серіктестік мынадай жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) банкроттық;

2) Серіктестікті құру кезінде түзетілмейтін заң бұзушылықтарға байланысты оның тіркеуін жарамсыз деп тану;

3) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) не заңнамалық актілермен тыйым салынған қызметті не заңды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асыру;

4) заңнамалық актілерде көзделген өзге де жағдайларда.

3. Осы баптың 2 - тармағында көрсетілген негіздер бойынша Серіктестікті тарату туралы талапты, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар сотқа бере алады.

4. Серіктестіктің таратылуын Серіктестіктің Қатысушысы тағайындаған тарату комиссиясы немесе сот жүзеге асырады.

Сот шешімі бойынша таратуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер Серіктестіктің өзіне; Серіктестіктің уәкілетті органына; құрылтай құжаттары бойынша Серіктестікті таратуға құқығы бар уәкілетті орган немесе сот тағайындаған басқа органға (тұлғаға) жүктелуі мүмкін.

13 - бап. Серіктестіктің қызметін тоқтату

1. Серіктестіктің қызметін тоқтату үшін осы Жарғының 11 және 12 баптарында көрсетілген негіздермен қатар мына жағдайлар негіз бола алады:

1) егер жарғылық капиталдың кемуі нәтижесінде оның мөлшері заңда көзделген ең төменгі мөлшерден аз болса;

2) егер Қатысушы Серіктестік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде өзінің жарғылық капиталын қалыптастырмаса.

2. Жарғылық капиталдың кемуі нәтижесінде оның мөлшері заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден аз болған жағдайларда және Қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталын заңнамада белгіленген мерзімде құрмаса, Қатысушы бір жыл ішінде жарғылық капиталға қосымша салымдар енгізуге міндетті. Өзге жағдайда Серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуға жатады.

14 - бап. Қорытынды ережелер

1. Егер Жарғы ережелерінің бірінің күші жойылса, онда бұл қалған ережелерге әсер етпейді. Күші жойылған ереже құқықтық тұрғыдан мағынасы жуық ережемен ауыстырылады.

2. Серіктестік қызметінің осы Жарғыда көрсетілмеген өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

3. Жарғы Қатысушы бекіткен сәттеп бастап өз күшіне енеді.

«Energy Solutions Center» ЖШС
Бас директордың м.а.



Р.Арыстанбаев

УТВЕРЖДЕН

Решением Единственного участника

ТОО «Energy Solutions Center»

(протокол Правления

АО «Самрук-Энерго» № 36

от «30» декабря 2021 года)



УСТАВ

**товарищества с ограниченной ответственностью
«Energy Solutions Center»**

город Нур - Султан, 2021 год

Статья 1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Energy Solutions Center» (далее – Товарищество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, руководствуется Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстана, настоящим Уставом.

2. Единственным участником Товарищества (далее – Участник) является акционерное общество «Самрук-Энерго» (свидетельство о государственной регистрации юридического лица 26877 – 1910 – АО от 10.05.2007 г.), БИН 070540008194, место нахождения: индекс 010000, Республика Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Кабанбай батыра, здание 15А, Бизнес – центр «Q», блок Б, реквизиты: ИИК KZ216010131000078623 в Алматинский областной филиал №139900 АО «Народный банк Казахстана», БИК HSBKKZKX, КБЕ 17.

3. Полное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «Energy Solutions Center» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) на русском языке: товарищество с ограниченной ответственностью «Energy Solutions Center»;

3) на английском языке: «Energy Solutions Center» limited liability partnership.

Сокращенное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «ESC» ЖШС;

2) на русском языке: ТОО «ESC»;

3) на английском языке: «ESC» LLP.

4. Место нахождения (юридический адрес) Товарищества: Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Кабанбай батыра, здание 15А, Бизнес – центр «Q», блок Б.

5. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

Статья 2. Цель и виды деятельности Товарищества

1. Товарищество создается для осуществления производственной, коммерческой и посреднической деятельности на территории Республики Казахстана и других стран с целью извлечения дохода.

2. Деятельность Товарищества должна соответствовать действующему законодательству Республики Казахстан и включает в себя оказание следующих видов:

– Техническое обслуживание и ремонт автомобилей, за исключением произведенных станциями технического обслуживания, находящимися на придорожной полосе (со сроком до 31 декабря 2022 года);

– Аренда прочих машин, оборудования и материальных активов, не включенных в другие группировки;

– Аренда и управление собственной недвижимостью;

– Деятельность по кадровому делопроизводству для национального управляющего холдинга;

– Разработка программного обеспечения (со сроком до 31 декабря 2022 года);

– Сопровождение программного обеспечения (со сроком до 31 декабря 2022 года);

– Консультационные и практические услуги в области информационных технологий (со сроком до 31 декабря 2022 года);

